

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF AGRICULTURAL SCIENCES

ISSN 2224-526X

Volume 3, Number 39 (2017), 182 – 185

N. N. Shaugimbaeva, R. M. Kumganbaeva, B. T. Kulataev, A. Sh. Katasheva, B. Sarsebaeva

Kazakh national agrarian university, Almaty, Kazakhstan.

E-mail: bako2002@bk.ru

PRODUCTIVITY DAIRY SHEEP BREEDS ARHAROMERINOSA DIVORCE IN THE SOUTH-EAST OF KAZAKHSTAN

Abstract. The article presents results of the study milk production arharomerinosa breed of sheep in the farm "Kumtekey" Raiymbek District of Almaty region. It was established that milk production in the adult ewe is much higher than that of young ewes. The article provides a comparative analysis of milk production and their chemical composition arharomerinosa breed sheep milk Almaty field conditions, the results showed that the composition was of milk: fat, protein and casein on the I group (7,2; 5,4; 3 6) higher than other groups (II and III), respectively, on the composition of fat, 8.3 and 11.1%, protein 11.1 and 16.7%, and casein is dominated by two groups of 5.5%.

Key words: sheep, sheep breed, lines, meat, wool, selection, milk, milk production

ӘОЖ 636.3+637(574)

Н. Н. Шаугимбаева, А. Ч. Каташева, Б. Т. Құлатаев, Р. М. Құмғанбаева, Б. Сарсебаева

Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы, Қазақстан

ӨНТҮСТІК-ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ЖАҒДАЙЫНДА ӨСІРІЛЕТІН АРҚАРМЕРИНОС САУЛЫҚТАРЫНЫҢ СҮТТІЛІГІ

Аннотация. Мақалада Алматы облысы Райымбек ауданының «Құмтекей» асылтұқымды шаруашылығында қазақтың арқармеринос саулықтарының сүттілігін, сүт өнімділігін зерттеу нәтижелері берілген. Оған қосымша арқармеринос саулықтарынан алынған сүттің химиялық құрамының көрсеткіштері көрсетілген.

Түйін сөздер: қой, тұқым, желі, ет, жүн, іріктеу, сүттілігі, сүтінің химиялық құрамы, қозы.

Кіріспе. Қозылар өмірінің алғашқы апталарында тек енесінің сүтімен ғана қоректенеді. Қозылардың өсін-дамуына әсер етуші басты факторлардың бірі, бұл анасының сүті болып табылады.

Қой шаруашылығында жайылымдық жүйеде қозыларды өсіргенде саулықтардың сүттілігі шешуші роль атқарады. Саулықтардың сүт өнімділігі деңгейімен қозының өсін-дамуы тікелей байланысты, әсіресе алғашқы 4-5 апталық өмірінде қозыларға негізгі азық енесінің сүті болады. Қозы енесінің сүтімен барлық қажетті заттарды өзінің өсін дамуы үшін алады. Сүті неғұрлым жоғары саулықтардан денсаулығы мықты және тез өсетін қозылар өседі. Сонымен, саулықтардың сүт өнімділігі деңгейін бірден-бір қажетті қой шаруашылығындағы селекционерлік белгілердің бірі болып табылады.

Саулықтар сүтінің жеткілікті деңгейде болуы төлдердің сүт ему кезеңінде ойдағыдай өсін жетілуіне әсер етті.

Зерттеу нысандары мен әдістері. Қазіргі таңда Алматы облысы Райымбек ауданының «Құмтекей» асылтұқымды шаруашылығында қазақтың арқармеринос қой тұқымының саулықтарының сүт өнімділігі зерттелуде.

Зерттеу нысандары ретінде әр түрлі жастағы сақа саулық, 2,5 жасар саулық, 1,5 жасар саулықтар пайдаланылды.

Саулықтардың қоңдылығы орташа, оларды күтіп-бағу жағдайлары шаруашылықта қалыптасқан бірдей деңгейде болды.

Саулықтардың сүттілігі мен оның сапасы төлдің өмірінің алғашқы айларындағы қалыпты жағдайда өсін-жетілуін және сақталғыштығын қамтамасыз ететін шешуші фактор болып табылады. Аналық мал сүтінің құрамында, одан туған төлінің өмірін сақтауға, денсаулығына, қалыпты өсіп-жетіуіне керекті барлық қоректік заттар қоры жиналған.

Тәжірибелік саулықтардың сүттілігін анықтау үшін, алғашқы 20 күн ішінде қозылар қосқан салмағы анықталады. Бұл көрсеткішті беске көбейту арқылы анасының сүті есептеледі. Сонымен біздің тәжірибеміздегі саулықтардың 20 күндік лактация кезіндегі сүті 22,35 пен 29,7 аралығында болды.

Зерттеу нәтижелері және оларды талдау. Сойылған малдардан алынатын өнім, яғни ет және ет өнімдері құрылымы көп компонентті күрделі жүйе болып табылады. Ет деңгейіміз – бұлшық ет, май, дәнекер және сүйек тіндерінің жиынтығынан құралған, сойылған малдардан алынған ұша немесе ұшаның бір бөлігі болып табылады.

1-кесте – Тәжірибеге пайдаланылған саулықтардың сүттілігі

Топтар	n	Қозылардың тірілей салмағы, кг		Қозылардың салмағының өсімі, кг	Саулықтар сүттілігі
		туылғандағы	20-күндік жасында		
Сақа саулық	10	4,90	10,8	5,9	29,5
2,5 жасар саулық	10	4,39	9,09	4,7	23,5
1,5 жасарсаулық	10	4,0	8,5	4,5	22,5
Орташа есеппен	10	4,43	9,46	5,03	25,15



Біздің зерттеулерімізден тәжірибеге алынған барлық үш топтағы саулықтардың өз қозыларының өсіп-жетілуіне жұмсаған барлық сүт мөлшері орташа есеппен 25,1 кг құрады. Топ бойынша бір-бірімен салыстыратын болсақ, I топтағы (29,5 кг) қойлар келесі топтардан (II және III топ) тиісінше 6,0 және 7,0 кг немесе 20,3 және 23,7 % артық сүт жұмсалған. Ал II топ (23,5 кг) III топтағы малдардан тиісінше 1,0 кг немесе 4,2 % басым болған.

Әсіресе осы I топтағы және де II топтағы саулықтардың өз төлдерінің өсіп-жетілуіне және өнімділігінің жоғарлауына қосқан мол үлесі деп түсінуге болады.

2-кесте – Саулықтардың сүтінің химиялық құрамы, % мен тығыздығы (мл/см³)

Топтар	Көрсеткіштер					
	май	ақуыз	казеин	мқзж	құрғақ заттар	тығыздығы
I	7,2	5,4	3,6	9,6	16,1	1,029
II	6,6	4,8	3,4	8,6	16,5	1,030
III	6,4	4,5	3,4	8,6	17,0	1,032

Алғашқы айларда салмақ қосуы қарқынды жүреді. Жоғарыда көрсетілгендей I топтағы қозыларының салмақтары II және III қозылардың салмақтарына қарағанда, басым екені көрініп отыр. Осы қозылардың тірі салмақтары өсіп даму кезеңінің келесі кезеңдерінде де сақталып қалды.

Біздің зерттеулерімізден, тәжірибеге алынған үш топтағы саулықтардың сүтінің құрамындағы майы, ақуызы, казеині, майсыз құрғақ заттар қалдығы, құрғақ заттары және тығыздығы анықталды. Топ бойынша бір-бірімен салыстыратын болсақ, сүттің құрамындағы майы, ақуызы және казеині бойынша I топтың көрсеткіші (7,2; 5,4; 3,6) келесі топтардан (II және III топ) тиісінше майлылығы бойынша 8,3 және 11,1 %, ақуызы бойынша 11,1 және 16,7 %, казеині бойынша екі топтан да 5,5 % басым.

Бұл көрсеткіштер Ажар шаруашылығының саулықтарының сүттілік кезеңінде қозылардың сүт өнімділігі деңгейінің жоғары, жеткілікті екенін, сүттілік кезеңінде қозылардың жақсы өсіп дамуын қамтамасыз ететініне куәлік етеді.

Қорытынды. Алматы облысы Райымбек ауданының «Құмтекей» асылтұқымды шаруашылығында қазақтың арқармеринос саулықтарының сүт өнімділігі зерттелген. Бұл көрсеткіштер Құмтекей шаруашылығының саулықтарының сүттілік кезеңінде қозылардың сүт өнімділігі деңгейінің жоғары, жеткілікті екенін, сүттілік кезеңінде қозылардың жақсы өсіп дамуын қамтамасыз ететініне куәлік етеді. Қорыта келе, сақа саулықтардың сүттілігі 2,5 және 1,5 жасар саулықтардың сүттілік көрсеткіштеріне қарағанда жоғары, ал сүттің құрамындағы май, ақуыз, казеин т.б. көрсеткіштері бойынша да сақа саулықтың көрсеткіші анағұрлым жоғары болды.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Доллинг С.Х. Разведение мериносов. – М.: Колос, 1974. – С. 320.
- [2] Литовченко Г.Р., Вениаминов А.А. Отбор и подбор в овцеводстве. – М.: Колос, 1972. – Т. II. – С. 114-202.
- [3] Исенжулов А.И., Букенов К.Б., Проказин О.А. Казахский архаромеринос. – Алма-Ата: Кайнар, 1979.
- [4] Акбидаев А.Г. Молочность и качество молока эдильбаевских маток в условиях северного Казахстана // Вестник. – 2005. – № 7. – С. 45-46.
- [5] Боголюбский С.Н. О периодизации в росте частей тела и органов в плодный период // Проблемы современной эмбриологии: сб. науч. тр. Института ветеринарии. – Л.: ЛГУ, 1956. – С. 140-150.

REFERENCES

- [1] Dolling S.H. Razvedenie merinosov. M.: Kolos, 1974. P. 320.
- [2] Litovchenko G.R., Veniaminov A.A. Otbor i podbor v ovcevodstve. M.: Kolos, 1972. Vol. II. P. 114-202.
- [3] Isenzhulov A.I., Bukenov K.B., Prokazin O.A. Kazahskij arharoemerinos. Alma-Ata: Kajnar, 1979.
- [4] Akbidaev A.G. Molochnost' i kachestvo moloka jedil'baevskih matok v uslovijah severnogo Kazahstana // Vestnik. 2005. N 7. P. 45-46.
- [5] Bogoljubskij S.N. O periodizacii v roste chastej tela i organov v plodnyj period // Problemy sovremennoj jembriologii: sb. nauch. tr. Instituta veterinarii. L.: LGU, 1956. P. 140-150.

Н. Н. Шаугимбаева, Р. М. Кумганбаева, Б. Т. Кулатаев, А. Ч. Каташева, Б. Сарсебаева

Казахский национальный аграрный университет, Алматы, Казахстан

**МОЛОЧНАЯ ПРОДУКТИВНОСТЬ ОВЕЦ ПОРОДЫ АРХАРОМЕРИНОСА
РАЗВОДИМЫХ В УСЛОВИЯХ ЮГО-ВОСТОКЕ КАЗАХСТАНА**

Аннотация. В статье приводятся результаты изучения молочной продуктивности овец породы архаромериноса в хозяйстве «Кумтекей» Райымбекского района Алматинской области. Установлено, что молочная продуктивность у взрослой овцематки намного выше, чем у молодых овцематок. В статье приведены сравнительный анализ показателей молочной продуктивности и их химический состав молока породы овец архаромериноса в условиях Алматинской области, результаты показали, что в составе молока составило: количество жира, белка и казеина по I группе (7,2; 5,4; 3,6) высоки, чем от других групп (II и III), соответственно по составу жира 8,3 и 11,1 %, белка 11,1 и 16,7 %, и по казеину преобладает от двух групп на 5,5 %.

Ключевые слова: овцы, порода, линии, мясо, шерсть, подбор, молоко, молочная продуктивность, овцеводство.

Сведения об авторах:

Сарсебаева Балжан Бактыбековна – магистрант, Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы, Қазақстан

Шаугимбаева Нуржан Нурлановна – а.ш.г.к., аға оқытушы, Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы, Қазақстан